

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ShT 5202 ШЕТЕЛ ТІЛІ (КӘСІБИ)

6M021000-Шетел филологиясы
магистратура мамандығы бойынша

2 кредит

Алматы 2017

АЛҒЫСӨЗ

1 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

2 ШКІР ЖАЗҒАНДАР: Рысалды К.Т., ф.ғ.д, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.07.2016 жылғы № 425 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

4 Типтік оқу бағдарламасы 6М021000-Шетел филологиясы магистратура мамандығы бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген

5 2016 жылы «4» шілдеде Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. № 11 Хаттама**

МАЗМҰНЫ

1. Түсінік хат
2. Пәннің мазмұны
3. Нәтижелі коммуникативті әрекет түрлеріне қойылатын талаптар. Бағалау критерийлері мен деңгейлері
4. МӨЖ үлгі тапсырмалары
5. Міндетті және қосымша әдебиет

ТҮСІНІК ХАТ

Аталмыш типтік оқыту бағдарламасы «Шетел тілі (кәсіби)» пәні бойынша Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының 6М021000-Шетел филологиясы мамандығы бойынша магистрлерді даярлау үшін әзірленген.

Жаһандық кеңістікті қалыптастыруда ел өмірінің барлық салалары бойынша теңдесіз халықаралық қарым-қатынасты дамытуда тілдің мәдениетаралық қарым-қатынастың ықпалды құралы ретінде басым болуы шет тілдік білім беру жүйесінің дамуын ынталандырды. Осы жағдайда, шетел тілдік білімнің заманауи маманы кәсіби біліктілігінің міндетті құрамдас бөлігі ретінде есептеліп, заманауи көпмәдениетті әлем жағдайында басқа лингвомәдени ортаның өкілдерімен өзара түсіністікке және өзара қарым-қатынасқа қол жеткізуге қабілеті бар жаңа формациядағы мамандарды даярлау үшін тиімді тәсіл ретінде танылды [1].

Бұл мәселелер, жаһандану контексті мен мәдени динамикасына байланысты қазіргі заман маманның әлемдік кәсіби кеңістікте бағдар табу қабілетін қалыптастыруды болжайды. Бұл мақсатқа қол жеткізуді қамтамасыз ететін бірден бір құрал мәдениетаралық, яғни әртүрлі мәдениет өкілдері арасында орын алатын өзара қарым-қатынас болып табылады. Өзге лингвомәдени орта өкілдерінің менталитеті мен мәдениетіне үйлесімді қосылу, олардың мінез-құлық, стереотипі мен нормаларына сәйкес сөйлеу **мәдениетаралық коммуникативті компетенция (МКК)** қалыптастырудағы перманенттік қабілет - қазіргі заман маманына қойылатын аса маңызды талаптардың бірі. Мәдениетаралық коммуникативті компетенция жанасқыштық пен төзімділік негізінде, маманды кәсіптік ұтқырлыққа, өмірдің ауыспалы жағдайларына дайындауға, әлемдік жетістіктер стандарттарына бейімделуге, өзін-өзі кәсіби жетілдіру мүмкіндіктерін арттыруға негіз болады.

С.С. Құнанбаеваның когнитивті лингвомәдениеттану әдіснамасы мен мәдениетаралық коммуникация теориясы мәдениетаралық коммуникативті компетенциясын қалыптастыруда әмбебап ғылыми-теориялық платформа болып табылады. Шет тілдік білім беру когнитивті лингво мәдениеттану теориясының әдіснамалық платформасын қалыптастыратын мәдениетаралық коммуникация теориясы шет тілдік білім беру үрдісін модельдеуді инновациялық тәсілмен қамтамасыз етеді. Оқытуда түпкілікті нәтижеге қол жеткізу үшін үштұғырлы тіл саясаты жағдайында халықаралық деңгейге бейімделген отандық тілдік білім беру моделін құрайды және білім беру процесінде ұйымдастыру практикасын айтарлықтай өзгертеді.

Ұсынылып отырған оқу бағдарламасы «Шетел тілі (кәсіби)» пәні бойынша 6М021000-Шетел филологиясы мамандығына арналған, Типтік оқу жоспарында бекітілген сағаттар есебіне сәйкес құрастылған.

Аталмыш бағдарлама, халықаралық тілдік білім беру моделі Қазақстан Республикасының ұлттық шарттарына бейімделудің нәтижесі болып табылады және ол келесі қағидаларға сүйенеді:

– оқыту стратегиясы мен тактикасын анықтай отырып, өз жиынтығында жалпы оқу процесіне және оның жекелеген құрамдас бөліктеріне (мақсаттары, мазмұны, оқыту әдістері, технологиялар, оқыту құралдары) қойылатын талаптары мен біртұтас білім беру парадигмасы қалыптастыратын базалық негіздерін құрайтын когнитивтік, концептуалдық, коммуникативтік, лингвомәдени, әлеуметтік-мәдени, рефлексивті дамыту **әдіснамалық қағидалары**;

– компетенцияға негізделетін тілдік білім беру және оның түпкілікті нәтижесі сапасын бағалауы;

– коммуникативті-функционалдық бағыты;

– пән мазмұнын деңгейлік жіктелімдері және белгіленген стандартталған типтік деңгейлер бойынша тілді оқыту және меңгеру нәтижелерінің түпкілікті көрсеткіштері;

– салалар, тақырыптар, тақырыпшалар және типтік қарым-қатынас жағдайлардан тұратын когнитивті лингво мәдени кешендер ретінде пән мазмұнын ұсынуы;

– өзге лингвомәдени ортаның өкілдерімен өзара қарым-қатынас құру қабілеті ретінде танылатын мәдениаралық коммуникативті компетенцияны қалыптастыруда тілдік компетенцияны бағалау өлшемі мен параметрлер шкаласының өңделгені және оның негізінде тілді меңгеру бірыңғай бақылау механизмінің енгізілгені [2].

Мәдениетаралық коммуникативті компетенция құрылымы білім беру компетенциясының сипатын көрсетеді және күрделі жеке бас компоненттер жиынтығымен қоса, туған және өзге елдің мәдениетін білу, өз білімдерін тәжірибеде қолдану қабілеттілігі мен дағдылары, сондай-ақ тұлғаның жеке қасиеттер жиынтығы білімін, біліктілігі мен қабілеттілігін асыруға ықпал ететін, сонымен қатар, өзге мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынас құру барысында практикалық тәжірибеде пайдалану. Мәдениетаралық коммуникативті компетенция шетел тілін және мәдениетін үйрену барысында білім беру компетенциясы болып табылады. Мәдениетаралық коммуникативті компетенцияны қалыптастыру кезінде нақты шындық нысаны болып өзге мәдениет өкілдерімен өзара қарым-қатынас құру процесі саналады.

Мәдениетаралық коммуникативті компетенция құрамы мынадай субкомпетенциялар жиынтығымен анықталады:

– магистранттың өз мәдениеті негізінде ұлттық тілдік сана және оның менталитетінің лингво-мәдени көрінісі ретінде бастапқы "ғаламның концептуалды бейнесін" қалыптастыратын *лингво-мәдени субкомпетенция*;

– магистранттың өзге лингво ортаның тұжырымы мен өмір-салты негізінде "қосымша когнитивтік сана" құрайтын және оның когнитивтік жүйесінде өзге орта өмірі және тілі туралы біліммен байланысты "қосымша конструкция - білім" моделін қалыптастыратын *әлеуметтік-мәдени субкомпетенция*;

– *дискурсивті субкомпетенция* мәтіндерді қабылдау процесінде (қайта

кодтау) кәсіби тезаурусты түсіндіруге және қолдануға арнайы қалыптасқан дағдылар жүйесі, коммуникативтік тапсырмаларды шешуге бағытталған композициялық рәсімделген, тұтас және аяқталған сөйлеу туындысына тілдік материалдарды ұйымдастыру;

– тілдің ажырамас бөлігі ретінде таным және ойлау үрдісінің қалыптасуын қамтамасыз ететін *когнитивтік субкомпетенциялар*.

Когнитивтік субкомпетенциясының қалыптасқаны когнитивтік құрылымда менталды жиынтық ретінде көрінеді, олар арқылы адам бүкіл қоршаған әлемді танып, жалпылама жасанды емес, табиғи тілде сөйлейтін адам ретінде онымен өзара қарым-қатынаста болады, әлеуметтік санаттағы қоғамның менталитетіне негізделген ұжымдық сананы бейнелейді;

– кәсіби қызметіне тікелей байланысты барлық сөйлеу және коммуникативтік қызмет аспектілерінде арнайы кәсіби терминологиясын шетел тілінде меңгеруді білдіретін *кәсіби бағытталған*;

– кәсіби және академиялық қарым-қатынас жағдайларда терминдерді шетел тілінде еркін қолдануды білдіретін *кәсіби негізделген*;

– кең ауқымды кәсіби-маңызды және ғылыми мәселелері бойынша полемикалық және аргументациялық дискурс құру қабілеті мен іскерлігі ретінде қарастырылатын *кәсіби бейімделген субкомпетенциялар* [2].

Пәннің мақсаты мен міндеттері

Ұсынылған типтік оқу бағдарламасы бойынша оқу деңгейі *жалпыеуропалық C2 LSP* деңгейіне сәйкес бейімделген ұлттық деңгейлік үштұғырлы тілдерді оқыту моделі бойынша **базадан жоғары стандартқа (IV ұлттық стандарты –IV-ҰС)** қол жетуі тиісті.

Курстың басты **мақсаты** білім алушылардың **мәдениетаралық коммуникативтік компетенцияны қалыптастыру**, және оның құрамдас бөлігі ретінде, халықаралық кәсіби ортаға интеграциялануға және кәсіби шетел тілін мәдениетаралық, ғылыми және кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіби негізделген мәдениетаралық коммуникативті компетенцияны қалыптастыру. «Шетел тілі (кәсіби)» курсының **міндеттері**:

– кәсіби саладағы терминологиялық аппаратты кеңейту, тілдік қабілеттілік пен сөйлеу дағдыларының тізілімін ұлғайту, сондай-ақ сан алуан мәдениеттер мен өркениеттер туралы білімін ұлғайту;

– тілдік құралдары нақты салада, төтенше жағдайларда, кәсіби қарым-қатынас шарттары мен міндеттеріне байланыстырып сәйкестендіру қабілеттілігін дамыту;

– іздеу, талдау, синтез жасау, оның себеп-салдарлық байланыстыру, жүргізілген зерттеу деректерін жүйелеу және дәлелдеу, сонымен қатар деректер көздерін табу және оларды жеке және мағыналық жағынан қайта өңдеу (арнайы ғылыми мәтіндер баяндау, аннотация жасау және реферат жазу) дағдыларын жетілдіру;

– ғылыми-практикалық қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық және мәдениетаралық қарым-қатынасты іске асыру.

Пәнді меңгеру нәтижесінде білім алушының қалыптасатын **компетенциялары:**

– тілі оқытылатын елдердің қарым-қатынастағы моральдық-этикалық нормаларын әлеуметтік-мәдени аспектілері мен ұлттық бірегейлікті қамтамасыз ету;

– қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, іздеу, өңдеу және ақпаратты талдау секілді библиографиялық жұмысын жүргізу;

– қойылған мақсатқа сәйкес, кәсіби қарым-қатынас саласы шеңберінде шет тілде баспа, дыбыс-бейне көздерінен алынған әртүрлі ақпараттарды өңдеу;

– тиімді, даусыз қарым-қатынасқа қол жеткізу мақсатында ана тілі және шетел тілі мәдениетіндегі кәсіби тезаурустардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырата білу;

– біреудің көзқарасын бағалау, ынтымақтастыққа ұмтылу, келісімге қол жеткізу, бірнеше көзқарас пен пікірлер бар жағдайда жалпы бір мәмлеге келу;

– өзгертпелі жағдайға бейімделу, жинақталған тәжірибені қайта бағалау, өз мүмкіндіктерін талдау;

– өзінің кәсіби қызмет салдарын бағалау кезінде және әлеуметтік маңызды жобалар жүзеге асыруда құқықтық және этикалық нормаларды пайдалану;

– кез келген саладағы халықаралық қатынастар және әлемдік саясат және өзге тақырыптағы баспа және электронды көздерден алынған ақпараттарды өз бетімен пайдалану дағдыларын меңгеру және т. б.

Пәннің **академиялық** компоненті келесіні қамтиды:

– мамандығы бойынша жазбаша және ауызша түпнұсқалық ғылыми, ғылыми-танымал және публицистикалық мәтіндердің функционалдық ерекшеліктерін тану;

– зерттеу және жобалық жұмыстарын ұйымдастыруда және ұжымдық жұмысты басқаруда әртүрлі логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, белгілеу, себеп-салдарлық байланыстарды, дәлелдеу, қорыту және шығару, баяндау) қалыптастыру;

– әртүрлі көлемді және жанрлы мәтіндер негізінде оқудың түрлі стратегияларын үйрету;

– заманауи ақпараттық технологияларын қолдана отырып, публицистикалық, ғылыми-танымал, ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұнын қажетті дәрежеде компрессия жасап, сыни түсіндірумен қисынды және байланысты жазбаша түрде жеткізу;

– практика негізінде серіктестердің жалпы, кәсіпкерлік немесе академиялық мәдениетінің ерекшеліктерін ескере отырып ғылыми, академиялық және кәсіби қарым-қатынас мақсатында ауызша және жазбаша коммуникация жүргізу;

– дәрістерді конспектілеу жолдарын үйрету (жалпыға белгілі қысқарту

түрлерін қолдану, диаграммалар, блок-сызба және т.б.);

– академиялық презентация форматында көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

– магистранттың "академиялық сөздігін" меңгеру және кеңейту, яғни жазбаша түрде - эссе, мақала, есеп, ресми хатқа тән ресми және ресми емес стильдегі лексиканы, сондай-ақ ауыз екі сөйлеу жағдаяттарында пайдалануды талап ететін ресми стильде, мысалы, баяндама оқу, ғылыми конференцияда сөз сөйлеуде қолданылатын лексиканы игеру;

– академиялық жазу (рецензия, негіздеу, ғылыми-бап, графикалық ақпараттарды сипаттау және талдау, академиялық эссе) дағдыларын меңгеру.

Оқыту технологиялары

«Шетел тілі (кәсіби)» курсы оқыту барысында жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу үшін магистранттардың болашақ кәсіби қызметін модельдеу үшін төмендегі білім беру технологиялары пайдаланылады: кәсіби қарым-қатынасқа тән жағдаяттар; компьютерлік телекоммуникация арқылы жүргізген шетел тілінде пікірталастар мен семинарлар; ғылым және саясат қайраткерлердің көпшілік алдында сөйлеуі, сұхбат және әңгімелесу; пікірталас; дөңгелек үстелдер; пресс-конференция; жобалық жұмыстар; кейс-технологиялар; электрондық деректер базасын құру; портфолио; екіжақты бейне-телеконференциялар; эссе жазу, тезистер, баяндамалар, мәтіндер, пікірлер, аннотациялар, ғылыми мақалалар және т.б.

Нақты жоғары оқу орны әзірлеген магистранттардың өзіндік жұмысы туралы Ережеге сәйкес *магистранттардың өздік жұмысының (МӨЖ) ұйымдастырылуы* реттеледі. МӨЖ тарсырмаларын жобалау кезінде кәсіби міндеттерді шешу жобалық жұмыстары арқылы білім алушылардың кәсіби маңызды біліктіліктері мен дағдыларын қалыптастыруға аса назар бөлінеді.

АКТ талаптарына сәйкес курстың негізгі оқу форматына:

– аудиториялық сабақтар;

– магистранттардың өзіндік жұмысы (эссе жазу, аннотация, баяндама, тыңдау, әртүрлі аудиожазбалар, фильмдер көру, Интернетте ағылшын тіліндегі сайттар және интерактивті компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасау);

– оқытушы басшылығымен магистранттардың өзіндік жұмысы (силлабус бойынша тапсырмаларды орындау үшін білім алушыларға кеңес беру) жатады.

Пәннің пререквизиттері: аталмыш курс базалық және кәсіби-бағытталған шетел тілі сабақтары барысында қалыптасатын дағдылар мен компетенцияларға негізделген.

Пәннің кореквизиттері: арнайы мамандандырылған шетел тіліндегі пәндер.

Пәннің постреквизиттері: курс барысында қалыптасқан білік пен дағды, ғылыми-педагогикалық практика, кәсіби жоба мен ғылыми диссертация сәтті өту үшін және келешек кәсіби қызметі жүзеге асуы үшін негіз болып табылады.

Ұсынылып отырған 6M021000-Шетел филологиясы магистратура мамандығына арналған бағдарлама негізінде жоғары оқу орындарының кафедралары нақты оқу орнында тіл оқыту ерекшеліктерін ескере отырып оқу бағдарламалар, когнитивті лингво мәдени кешендерді (КЛК) және оқу құралдарын әзірлей алады.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

Оқытылатын материалдардың тақырыптық бөлімдері мен мазмұны ақпарат алмасу мен ғылыми-зерттеу және техникалық прогресті дамытуға негізделген халықаралық жобаларды ұйымдастыру мақсатында білім алушының академиялық (ғылыми), кәсіби-бағытталған қарым-қатынастарын жүзеге асыру дағдылары мен тәжірибесін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Пәннің тақырыптық жоспары

Жоғары базалық стандарт деңгейінің пәндік мазмұны (IV ұлттық стандарт – IV-ҰС) когнитивті лингво мәдени кешендер бойынша (КЛК) ұйымдастырылады, олардың компоненттік құрамы мыналарды қамтиды:

- осы деңгейдегі оқыту мазмұны көрсететін қарым-қатынас саласы;
- аталмыш салада қарым-қатынасты іске асыратын коммуникация тақырыптар мен тақырыпшалар жиынтығы;
- типтік қарым-қатынас жағдаяттары.

Қарым-қатынас саласы I: ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ

Тақырып 1. Қазақстан Республикасының тіл саясаты

- 1) Тілдердің үштұғырлығы - Қазақстан Республикасының тіл саясатының негізі.
- 2) Шет тілінде білім беру концепциясы: қазіргі жағдайы және даму болашағы.
- 3) Қазіргі заманғы филологияның жаңа бағыттары.

Тақырып 2. Оқытылатын тілдің филологиялық дәстүрлері

- 1) Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру болмысының концептуализация мәселелері.
- 2) Дискурс коммуникация бірлігі ретінде.
- 3) Мәтін интерпретациясы және дискурс-талдау.

Тақырып 3. Филология мамандығы бойынша мамандарды даярлау.

- 1) Филологтың компетенциясы және кәсіби компетенциялары.
- 2) Тілдік менталитет: әлем бейнесін ұсыну тәсілі.
- 3) Кәсіби дискурс ерекшеліктері.

Қарым-қатынас саласы II: ФИЛОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ КОГНИТИВТІ ЛИНГВО-МӘДЕНИЕТТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Тақырып 1. Қазіргі заманғы мәдениетаралық қарым-қатынастың даму

бағыттары

- 1) Көркем мәтіннің лингво мәдениеттанудағы орны.
- 2) Тілі оқылатын елдің құндылық бағдарларының жүйесі.
- 3) Шет тілінде вербалды және вербалды емес қарым-қатынас

Тақырып 2. Мәдениетаралық коммуникация теориясы шеңберіндегі тілдік қарым-қатынас мәдениеті.

- 1) Мәдениет аралық диалог әр түрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы өзара қарым-қатынас нысаны ретінде.
- 2) Кәсіби мәдениетаралық дискурс ерекшеліктері.
- 3) Шет тіл мәдениетін меңгеру нысандары және жолдары.

Тақырып 3. Фрейм-құрылымы тілдік сана бірлігі ретінде

- 1) Лингвомәдени концептілер және мета концептілер.
- 2) Интерференцияны жоюдың жолдары мен әдістері.
- 3) Танымдық ойлау стилі.

Қарым-қатынас саласы III: ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ

Тақырып 1- Қазақстан Республикасының тіл саясаты

- 1) Тілдердің үштұғырлығы - Қазақстан Республикасының тіл саясатының негізі.
- 2) Шет тілінде білім беру концепциясы: қазіргі жағдайы және даму болашағы.
- 3) Қазіргі заманғы филологияның жаңа бағыттары.

Ұсынылатын тақырыптар кәсіби-бағдарланған тапсырмаларды шешу мақсатында кәсіби-бағдарланған мәдениетаралық коммуникация қатысушысын медиатор ретінде мәдениетаралық коммуникацияның субъектісін қалыптастыруға, сондай-ақ АКТ арқылы кәсіби бағытталған коммуникативтік дағдыларын келесі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар арқылы қол жеткізуге болады: кәсіби коммуникацияға тән жағдаяттар; компьютерлік телекоммуникация арқылы жүргізген пікірталастар мен семинарлар; көрнекті қоғамдық-саяси және ғылым қайраткерінің көпшілік алдында сөйлеуі, олармен әңгімелер мен сұхбаттар; дебат; дөңгелек үстелдер; пресс-конференция; жобалық жұмыс; кейстік технология; электрондық деректер базасымен жұмыс істеу; портфолио құру; G-global форматындағы екіжақты бейне-телеконференциялар және т. б.

Кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның *ауызша формасын* дамыту үшін үлгі ретінде келесі типтік жағдаяттарды талқылау ұсынылады:

- 1) Қазақстан Республикасының тіл саясаты туралы *құжаттарды оқып*, оның дамуының негізгі бағыттарын анықтау, дебат клубында осы бағыттар бойынша өз пікірін білдіру.
- 2) «Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауынан» үштұғырлы тіл саясатын *дөңгелек үстелде* талқылау.
- 3) «Қазақстан Республикасының шетел филологиясының қазіргі жағдайы және даму болашағы» атты дөңгелек үстел өткізу. Қатысушылар Қазақстандағы

филология ғылымының даму проблемалары мен перспективаларын талқылайды.

4) Кейс: курс мазмұнын ұйымдастырудағы қолданылатын тәсілдердің ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау мақсатында «Шетел филологиясы» пәні бойынша шетелдік және отандық бағдарламаны зерттеу.

Кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның *жазбаша формасын* дамыту үшін үлгі ретінде келесі типтік жағдаяттар талқылауға ұсынылады:

1) «Филологияның негізгі әдістері» тақырыбы бойынша *аннотацияланған әдебиеттер тізімін* дайындау.

2) «Билингвизм және қарым-қатынас мәселесі» тақырыбына 5-6 мақалалар фактілерін талдап, тұжырымдап, қорытындыларды баяндап, шет тілінде *резюме жазыңыз*.

3) зерттелген тақырып бойынша автор мәселенің маңыздылығын ашып сипаттаған мақаланың өзектілігіне және ең маңызды аспектілеріне шолу мақала жазу.

4) «Қазақстан Республикасының шетел филологиясының қазіргі жағдайы және даму болашағы» тақырыбы бойынша *эссе жазу*.

Тақырып 2. Оқытылатын тілдің филологиялық дәстүрлері

1) Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру болмысының концептуализация мәселелері.

2) Дискурс - коммуникация бірлігі.

3) Мәтін интерпретациясы және дискурс-анализ.

Ұсынылатын тақырыптар кәсіби-бағдарланған тапсырмаларды шешу мақсатында кәсіби-бағдарланған мәдениетаралық коммуникация қатысушысын медиатор ретінде мәдениетаралық коммуникацияның субъектісін қалыптастыруға, сондай-ақ АКТ арқылы кәсіби бағытталған коммуникативтік дағдыларын келесі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар арқылы қол жеткізуге болады: кәсіби коммуникацияға тән жағдаяттар; компьютерлік телекоммуникация арқылы жүргізген пікірталастар мен семинарлар; көрнекті қоғамдық-саяси және ғылым қайраткерінің көпшілік алдында сөйлеуі, олармен әңгімелер мен сұхбаттар; дебат; дөңгелек үстелдер; пресс-конференция; жобалық жұмыс; кейстік технология; электрондық деректер базасымен жұмыс істеу; портфолио құру; G-global форматындағы екіжақты бейне-телеконференциялар және т. б.

Кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның *ауызша формасын* дамыту үшін үлгі ретінде келесі типтік жағдаяттарды талқылау ұсынылады:

1) «Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру болмысының концептуализация мәселелері» тақырыбына дөңгелек үстел өткізу. Қатысушылар қолданыстағы мәдениетаралық қарым-қатынас деңгейлерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау мақсатында жоғары және төмен контекстілі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды талқылады.

2) «Ана тілі және шетел тілде қарым-қатынастың вербалды емес коммуникациялар түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары» тақырыбы бойынша презентация дайындау

3) Белгілі бір мәтініне (мәтін магистранттың қалауы бойынша таңдалады) мәнерлі тіл құралдарын және стилистикалық тәсілдердің анықтау мақсатында дискурс талдау жүргізу.

4) Шапочкиннің Д. В. "Әдіс, когнитивті талдау дискурсы" мақаласы негізінде "Семантикалық категория арнасында мәтіндік және контекстілік талдау" тақырыбы бойынша баяндама дайындау.

Кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның *жазбаша формасын* дамыту үшін үлгі ретінде келесі типтік жағдаяттар талқылауға ұсынылады:

1) «Мәдени шок шет тілін үйренуде ажырамас процесс» тақырыбында аннотацияланған әдебиеттер тізімін дайындау

2) Пру Холмстың (Жаңа Зеландия, 2012 жыл) «Мәдениетаралық компетенцияны дамыту және бағалау» атты мақаласына шолу жасау.

3) «Мәдениеттер мен сәйкестіктер қақтығысындағы төзімділік: миф әлде шындық?» тақырыбында эссе жазу.

Тақырып 3. Филология мамандығы бойынша мамандарды даярлау.

1) Филологтың компетенциясы және кәсіби компетенциялары.

2) Тілдік менталитет: әлем бейнесін ұсыну тәсілі.

3) Кәсіби дискурс ерекшеліктері.

Ұсынылатын тақырыптар кәсіби-бағдарланған тапсырмаларды шешу мақсатында кәсіби-бағдарланған мәдениетаралық коммуникация қатысушысын медиатор ретінде мәдениетаралық коммуникацияның субъектісін қалыптастыруға, сондай-ақ АКТ арқылы кәсіби бағытталған коммуникативтік дағдыларын келесі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар арқылы қол жеткізуге болады: кәсіби коммуникацияға тән жағдаяттар; компьютерлік телекоммуникация арқылы жүргізген пікірталастар мен семинарлар; көрнекті қоғамдық-саяси және ғылым қайраткерінің көпшілік алдында сөйлеуі, олармен әңгімелер мен сұхбаттар; дебат; дөңгелек үстелдер; пресс-конференция; жобалық жұмыс; кейстік технология; электрондық деректер базасымен жұмыс істеу; портфолио құру; G-global форматындағы екіжақты бейне-телеконференциялар және т. б.

Кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның *ауызша формасын* дамыту үшін үлгі ретінде келесі типтік жағдаяттарды талқылау ұсынылады:

1) Тақырып бойынша талқылау жүргізу: «Лингвисттің бойында қандай кәсіби компетенция мен дағдылар болуы тиіс?». Қатысушылар тіл маманын дайындауда ұлттық танымдық лингво мәдениеттану моделін талқылайды.

2) «Тіл менталитеті: әлемнің тілдік бейнесін білдіретін жол» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізу

3) «Филологтың шығармашылық шеберханасы» жоба дайындау.

Кәсіби бағытталған мәдениетаралық коммуникацияның *жазбаша формасын* дамыту үшін үлгі ретінде келесі типтік жағдаяттар талқылауға ұсынылады:

1) Шетел тіліндегі 5-6 мақала/монография тақырыбы бойынша және олардың мақсатына сай ұстанымдарын, проблемаларын, жаңалықтарын салыстырып, зерделенген мақалалар/монографияға аннотациялар тізімін дайындау

2) Ұлыбритания мен Қазақстанда филологиялық білім беру саласын шолу және осы пәнді зерттеуде ұқсас және түрлі тәсілдерді анықтап баяндама жасау.

3) «Филологиялық білім беру: кеше, бүгін, ертең» атты *ғылыми мақала* жазу

4) «дискурс және оның типологиясы» тақырып бойынша шет тілінде 7-8 мақалалар талдап, ондағы баяндалған фактілер, тұжырымдар мен қорытындыларды зерттеп, *түйіндеме* жазу.

5) Теун Ван Дейк дискурс туралы мақалалары туралы *пікір жазу*.

НӘТИЖЕЛІ КОММУНИКАТИВТІ ӘРЕКЕТТЕРІНІҢ ТҮРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Базадан жоғары стандарт деңгейінің (IV ұлттық стандартты –IV-ҰС) С2 деңгейіне сәйкес келуі.

1.1. Базадан жоғары стандарт деңгейін қалыптастыру кезеңінде қалыптастыратын компетенциялар құрамы когнитивті, лингвомәдени, әлеуметтік-мәдени және дискурсивті компетенциялар болып табылады.

1.2. Базадан жоғары стандарт деңгейін қалыптастыруда сөйлеу және қарым-қатынас түрлерінің үлгілеу формалары – көпшілік алдында сөз сөйлеу, пікірталас, талқылау, пікірсайыс болып табылады.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері: ойлау, іздеу, талдау, синтез, аннотация және арнайы-кәсіби және ғылыми дискурс мазмұнын қысқаша баяндау.

Композициялық –тілдік сөйлеу түрлері: бағалау, талдау, шолу, баяндау, резюме, пікірталас, [дәлелдеме](#) және оның үйлесімділігі.

Жазбаша жұмыс түрлері: сентенция, максима, мақал-мәтелдерді қолдана отырып қоғамдық – саяси, әлеуметтік-мәдени, ғылыми және кәсіби тақырыптарға эссе, тезистер, пікірлер, ғылыми баяндамаларға сын-пікір беру және аннотациялау, ғылыми мақалалар жазу.

1.3 Базадан жоғары стандарт деңгейінің дескрипторлары:

Сөйлеу және қарым-қатынас жүйесінде келесі коммуникативтік актілерді жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы:

– коннотативті мәндерін ескере отырып идиомалық сөз тіркестері мен фразеологизмдерді қолданып сан-алуан полилог түріндегі қарым-қатынасқа қатысу; сөздің мағынасының өзгеру мүмкіндігін ескере отырып, пікірлерін жеткізу;

– тілдік құралдарын пайдалануда қиындықтар туындаған жағдайда өз пікірін тез арада басқа сөздермен жеткізу;

– мәдени құбылыстардың салыстырмалық идеялар негізінде бір жағдайдың екі тілдік әлем бейнесін қалыптастыру;

– жеке-мінез-құлықтық қасиеттерін пайдалану: фондық білімді пайдалана отырып, толеранттық, отандық және өзге мәдениеттің жалпы және арнайы ерекшеліктерін қалыптастыру мүмкіндігі;

– ой білдіруде сөйлеу әрекеті мен вариативтікті, [тілдесу](#) мәнін сәйкесінше жеткізу және білдіру, сөйлеу белсенділігін және байланыс құру қабілетін дамыту;

– мәдени шиеленістердің объективті негіздерін, екі мәдениет мәндерінің салыстырымдық сипатын, өз және өзге мәдениетін ұғыну арқылы байланыста медиатор болу.

Ауызша және жазбаша коммуникация түрлері аясында магистранттар дайындықтары мен қабілеттерін көрсетеді:

– кәсіби шет тілі тезаурус және кәсіби ауызша және вербалды емес бағыттағы айырмашылықтар білім кеңдігіне ие болу;

– қарастырылып отырған мәселенің өзектілігін анықтау; олардың жаңашылдығын, танымдық мүмкінділігін анықтау;

– өз еркімен даулы сұрақтар мен қарама-қайшылықтарды бөліп шығару және пікірталас барысын жоспарлау, бәтуаластыққа келу;

– әңгімелесушілердің қарым-қатынасқа белсенділіктерін ынталандыру әдістерін таңдау және олардың жауап реакцияларын болжау (қарсыластардың контрдәлелі);

– байланыс стратегиясы мен тәсілін түрлендіре отырып әңгімелесушіге өз орнына деген жағымды қатынасын тудыру, сендіру, дәлелдеу;

– байланыстың кооперативтік стилін қолдана отырып және толеранттылық білдіру арқылы оқиғаларға, құбылыстарға, пәндерге жан-жақты баға беру; төзімділік таныту және шетел тіліндегі ресурстар арқылы категориялық үкімдер мәселесін тұжырымдау;

– идиомалық нышанды сөздерді қолдана отырып қатынастың, сөз мәдениетінің ресми/бейресми нормаларын қадағалау; кәсіби саласын және тәжірибесін кеңейту үшін байланыстар орнату;

– таңдалған кәсіп аясында өзекті мәселе бойынша толық дәйектер беру және ұсыну;

– жалпымәдени тақырып пен кәсіби әрекетпен байланысты әр түрлі фактілерді түсіндіру;

– жалпымәдени тақырыпта және болашақ кәсіби әрекетпен байланысты мәселе бойынша әңгімеде немесе пікірталаста өз ойын дәлелді және толық дәйектеу;

– жалпылау, цитация, талдау, дәйектеу, түсіндеме берудің көмегімен оқылған, көрген және тыңдалғанның өнегелі, эстетикалық, тәрбиелі маңыздылығы туралы қорытынды жасау;

– серіктестің және өз мүдделерін, әңгімелесушінің вербалды емес әрекетін ескере отырып қарым-қатынас барысында қолдау көрсету;

– негізгі ойды (талқылауды) қысқа білдіру, оларды жүйелеу, жалпылау, мәтіннің белгіленген бөліктерінің арасында мағыналық қатынастарды орнату және т.б.;

– аннотация жазу кезінде нақты бір мәлімет, білім саласынан материал туралы барынша қысқартылған түрде әңгімелеу және оны бағалау;

– хат жүзінде шығармашылық тұрғыдан мәселені сезіммен, сентенциямен саралай отырып, тақырып мәтінін, фактілер мен құбылыстар жайлы дәйекті эссе жазу;

– ғылыми және публицистикалық шығармаларға (рецензия мен пікірлерді жазғанда) түсініктемелік талдау жасау.

1.4. С2 базадан жоғары стандарт деңгейінде қалыптасуын бағалау өлшемдері:

1. Шет тілінде сөйлейтін тұлғаға тән сөйлеуді тілдік рәсімдеу. Шет тілінде сөйлейтін тұлғаға тән сөйлеуді тілдік рәсімдеу көрсеткіші шетел тілі байланысын ауызша рәсімдеуді талапқа сай иелену дәрежесін білдіреді.

2. Сөздің пәндік мазмұнын терең меңгеру. Сөздің пәндік мазмұнын терең меңгеру көрсеткіші кәсіби және академиялық мәселелердің сипаты туралы сөздің пәндік мазмұнын терең меңгеруін анықтау дәрежесін білдіреді.

3. Қарым-қатынас стратегиясы мен тәсілдердің түрленуі.

Коммуникативтік стратегиялар мен тәсілдердің түрлену көрсеткіші сөйлеу түрленуін жүзеге асыруда стратегиялар мен тәсілдердің кәсіби қарым-қатынастық репертуар дәрежесін білдіреді.

4. Сөйлеуді түрлендіруде кәсіби жағдайдың ұлттық өзгешелігімен байланысы.

Сөйлеуді түрлендіруде кәсіби жағдайдың ұлттық өзгешелігімен байланысын көрсету кәсіби және академиялық мәселелерді ұлттық ерекшеліктерге сай ауызша сөйлеу талабын меңгеру дәрежесін анықтайды.

Бағалау деңгейлері: оптималды, жоғары, орташа, төмен.

Оптималды деңгей:

Магистрант кәсіби және академиялық тұрғыда шетел тілін сенімді және еркін қолданады:

Кәсіби және ғылыми сипаттағы тілдік құралдарды нормативті пайдалануда болар-болмас қателіктер жіберіледі. Кәсіби шетел тілі тезаурусы және кәсіби ауызша және вербалды емес бағыттағы айырмашылықтар білім кеңдігіне ие болады, байланыс стратегиясы мен тәсілін түрлендіреді. Байланыстың кооперативтік стилін қолдана отырып төзімділік танытады және шет тіліндегі ресурстар арқылы категориялық емес үкімдермен мәселені тұжырымдайды. Коммуникативтік қиындықтар туындаған жағдайда байланысты оңай нығайтады.

Кейінгі байланысты анықтау мақсатында серіктестің және өз мүдделерін, әңгімелесушінің вербалды емес әрекетін ескере отырып қарым-

қатынаста қолдау көрсетеді

Жоғарғы деңгей:

Магистрант барлық кәсіби және академиялық тұрғыда күрделі емес шет тілін сенімді қолданады:

Көп жағдайда байланыс және түсіну тиімді болып келеді, факторларға сүйене отырып (түсіндіру, түсініктемелер) кідірістер оңай меңгеріледі. Кәсіби-таңбаланған мәлімдемелер шет тілі ережелеріне сәйкес құрылады. Проблемалық жағдайлар тұрғысынан шет тілі ережелерінде қателер байқалады, бірақ мағына және байланысты түсіну бұрмаланбайды. Мәдени айырмашылықтардың белгілерін біледі және ойдың жасырын мағынасын түсіну және өз ойын білдіру арқылы мәдениетаралық қарым-қатынас процесінде оларды қолданады. Алайда, тілдік және сөйлеу құралдарының вариативті жинағын еркін пайдалана алмау өз ойын білдіруде және мәдени-жанама жағдайлардың мәнін түсінуде қиындықтар тударады. Көбінесе толерантты стратегиялар мен тактикасын салыстырмалы тұрақты пайдаланады. Ол қарым-қатынасты бастай алады. Байланысқа кедергі келтірмейтін қателер жібереді.

Орташа деңгей:

Таныс және үйреншікті жағдайларда студент шетел тілін еркін пайдаланады, сөйлеу және тіл ережелерінен қате жібереді. Оның коммуникативті-сөз вариациясы шектеулі болып келеді. Ол ойдың негізгі мағынасын түсінеді. Қарым-қатынаста талпыныс көрсетеді, алайда нақты ситуациялық қолданыста кросс-мәдени айырмашылықтарды толық ескермейді. Кросс-мәдени және тұлғааралық қарым-қатынаста интерактивті сөйлеу әрекеті кәсіптік деңгейде адекватты түсінумен және компетенциямен сипатталады. Сонымен қатар оқытушы мен басқа қатысушылардың қолдауын да талап етеді. Сөйлесуді бастау және қолдау қиындықтар туғызады және жеткілікті көпшіл емес. Қарым-қатынасты тоқтатпайтын қате жиі жібереді. Айтылған ой түсініктемелер мен түсіндірмелерді талап етеді. Төзімділік, эмоционалдық және сөйлеу реакцияларын жеткіліксіз көрсетеді. Күрделі мәселелерде мағынасын түсіну және керекті шет тілі құралын таңдау қиын болып табылады. Кәсіби бағыттағы мәтіндердің негізгі мағынасын түсінеді. Сөздікті жиі қолданады. Ол әр түрлі тілдік құралдарды шектеулі пайдаланады. Ол кәсіби және ғылыми терминологияның базалық қорын ғана пайдаланады. Кәсіби қарым-қатынастың негізгі кезеңін түсінеді. Ол көптеген қателіктер жіберсе де мағынасы түсінікті жеткәзе алады.

Төменгі деңгей:

Талап етілген деңгейде талқылауға түсе алмайды. Сөздік тәртіп коммуникативтік және когнитивтік тұрғыдан жеткіліксіз дәрежеде айқындалған.

Компетенция қалыптастырудың дифференциалды деңгейлік шкаласы

Деңгей	%-бен	Бағалау (дәстүрлі жүйе)
--------	-------	-------------------------

		бойынша)
Оптималды деңгей	100-90 балл	Өте жақсы
Жоғарғы деңгей	89-75 балл	Жақсы
Орташа деңгей	74-50 балл	Қанағаттанарлық
Төменгі деңгей	49 және төмен	Қанағаттанарлықсыз

С2 ДЕҢГЕЙІН МЕҢГЕРУ ҮШІН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Тіл жүйесін меңгеру және оны мәдениетаралық-коммуникативтік тұрғыда пайдалану.

Фонетикалық материал

Ауызша қарым-қатынас кезінде сөйлеу қабілеті мен шеберлігін жетілдіру. Мәтіндерді оқу және тыңдау, сондай-ақ көпшілік алдында сөз сөйлеу арқылы сөздердің дұрыс айтылуы меңгеріледі.

Лексикалық материал

1. Жазбаша және ауызша қарым-қатынаста жиі қолданылатын сентенция, максима, мақалдар мен дәйексөздерді қолдану
2. Қысқартулар мен шартты белгілер, т.б. білу
3. Академиялық сөйлеу клишесі. Кәсіби және ғылыми стилінің идиомалық бағыты.
4. Қазіргі заманғы іскерлік және академиялық лексика. Арнайы терминология.
5. Экономикалық даму, нарық, ғылыми және басқа да іскерлік белсенділіктің тенденцияларын сипаттау лексикасы
6. Сөйлеу және жазудың байланысы: қыстырма және байланыстырушы сөздер, жалғаулық пен сөйлем түрлері.
7. Ресми және бейресми қарым-қатынас кезінде сөйлеу этикетін иелену.
8. Кәсіби қызметінің ғылыми тіл мәдениеті

Грамматикалық материал

1. Ресми және бейресми қарым-қатынастың грамматикалық ерекшеліктерін түсіну.
2. Оқытылатын тілдің етістік шақтары
3. Күрделі бастауыш пен толықтауыш.
4. Әртүрлі модальдық ерекшеліктер.
5. Бұйрық рай.
6. Сұрақтардың түрлері.
7. Ырықсыз етіс пен есімшенің ғылыми тілде қолданылуы.
8. Күрделі бастауыш, номинативті және инфинитивті құрылымы
9. Шартты рай мен эмфатикалық құрылым.
10. Ғылыми тілдің функционалдық стилінің барлық грамматикалық ерекшеліктері.
11. Оқытылатын тілдің тыныс белгілерінің жүйесі мен функциялары.

ҮЛГЕРІМ БАҚЫЛАУЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Үйренушілердің жетістіктерін тексеру үшін келесідей бақылау түрлері енгізілген:

- ағымдағы бақылау;
- аралық бақылау;
- қорытынды бақылау.

Ағымдағы бақылау – академиялық оқу кезеңінде оқу бағдарламасының пәніне сай мұғалімнің тарапынан жүргізілетін үйренушілердің оқу жетістіктерін көрсететін жүйелі тексеру.

Магистранттардың ағымдағы бақылауы пәннің әрбір тақырыбына жеке-жеке жүргізіледі, сонымен қатар аудиториядағы білім (тәжірибелік сабақтар, лабораториялық тапсырмалар) мен аудиториядан тыс білім (үй тапсырмасы, МӨЖ) қарастырылады.

Ағымдағы бақылау жазбасы мен бағалары мұғалім тарапынан үнемі белгіленіп отырады.

Аралық бақылау – бұл бір пәннің белгілі тарауының (модуль) аяқталған уақытында үйренушілерге өткізілетін білім жетістігін анықтаушы бақылау. Бір академиялық уақыт аралығында кем дегенде екі рет өткізіледі.

Аралық бақылау жүргізу түрі:

- жазбаша қарым-қатынас;
- ауызша қарым-қатынас.

Жазбаша қарым-қатынас деп:

– шағын эссе жазу (**Write a paragraph**) типіне сай (сипаттама, көқарас, салыстыру /салғастыру және проблема / шешім) көлемі кем дегенде 250-300 сөз.

Paragraph Writing бағалау талабы: басты идея; тезис, дәлелдеме; қорытынды; жазба жұмыс сапасы (лексикалық және грамматикалық сауаттылық), терминологиялық қанықтық, орфография, тыныс белгісі, көлемі.

– **Annotated Bibliography** жазу, бес еңбектің аннотациясынан тұрады және магистрлік диссертация тақырыбына сай болуы керек. Әрбір аннотация кем дегенде 150 – 200 сөзден тұруы керек. Олар алфавиттік ретпен орналасады және жазылған уақыты 2010 жылдан ерте болмауы тиіс. Түпнұсқа тілі кез-келген болса да Annotated Bibliography шетел тілінде жазылуы тиіс.

Annotated Bibliography бағалау талабы: ақпарат көзі сенімді болуы керек; дәлелдеме құруда материалды дұрыс пайдалана алуы; аннотация құрылымы мен мазмұн дұрыстығы; жазба жұмыс сапасы (лексикалық және грамматикалық сауаттылық), терминологиялық қанықтық, орфография, тыныс белгісі, көлемі (5 аннотациядан бастап, әрбір аннотация 150 – 200 сөзден).

– сұхбат талдамасын жасау (**Analyzing interview data**). Сұхбат әлеуметтік зерттеу әдісі ретінде зерттеу мен талқылауға негіз болар ақпарат жинау мақсатында сұхбаттасушылардың бетпе-бет әңгімесі болып саналады. Магистрант бұл сұхбатқа толыққанды сапалық және сандық, объективті,

сенімді, ішкі және сыртқы валидті зерттеу жүргізеді.

Бұл сұхбаттардың бағалау талабы: ақпарат көзі сенімділігі, сұрақ қою мақсатында ақпаратты жұрыс пайдалана білу, сұхбат мазмұнының дұрыстығы, жазба жұмыс сапасы (лексикалық және грамматикалық сауаттылығы), сұхбат жүргізу талабына сай терминологиялық қанықтық, орфография, тыныс белгісі.

Ауызша қарым-қатынас деп **Article Rendering** орындау меңзеледі. Магистранттарға мамандықтарына сай арнайы көлемі 400-600 сөзден тұратын ғылыми мақалалар таңдалынады. Ауызша жауапқа дайындалу уақыты - 15 мин. Ол 7 мин. құрауы тиіс. Ауызша қарым-қатынас магистранттың мәдениетаралық шет тілдік қарым-қатынасқа монологтық және диалогтық түрде S → T ↔ S режимінде дайын екендігін көрсетеді. **Article Rendering** (мақала референттеу) барысында келесідей құрылымды баскөзге алу міндетті:

1. Мақала тақырыбы
2. Мақала авторы
3. Көзі
4. Мақаланың басты идеясы
5. Мақаланың қысқаша мазмұны (10-20 сөйлемнен артық емес)
6. Мақаладағы басты проблема
7. Мақала ерекшелігі
8. Мақалада берілген магистрант үшін жаңалықтар
9. Қалыптасқан көзқарастарға қарама-қайшы келер фактілер
10. Мақаладағы жауапсыз қалған сауалдар
11. Автор қорытындысы
12. Қозғалған мәселе бойынша магистранттың өз ойын білдіруі.

Бағалау талабы: мақала мазмұнын сыни-көзқарас тұрғысынан бағалай білу; қарым-қатынастық тапсырмаларды шеше білу; ауызша дұрыс сөйлеу (лексикалық, фонетикалық және грамматикалық), кәсіби терминология қолдану.

Үйренушілердің **қорытынды бақылауы** үйренген пәннің бағдарламасын қаншалықты толық қамту сапасын анықтау мақсатында аралық аттестация ережесіне сай жүргізіледі. Әрбір пән бойынша емтихан өткізу түрі мен реті академиялық уақыт басталған соң бір ай ішінде белгіленеді.

Қорытынды бақылау түрлері:

- жазбаша қарым-қатынас;
- ауызша қарым-қатынас.

Жазбаша қарым-қатынасқа 350 сөз көлеміндегі **Article critique** кіреді. Берілетін уақыт 100 мин. Оның ішіне мақала оқу мен мақала жазу кіреді. Жазба жұмысының типі мен жанры Типтік оқу бағдарламасының талабына сай қатаң қадағаланады.

Article critique әдетте келесідей құрылымнан тұрады:

- мақала атауы мен автордың аты-жөні
- мақсат, тәсіл және нәтиже тұрғысынан мақала қорытындысы
- автордың негізгі ұстанымы, сенімі, көзқарасы және магистранттың ойы

- дәлелдемелерге сай мақаланың әртүрлі аспектілеріне сай жағымды немесе жағымсыз сын-пікір

-мақаланың ғылыми құндылығы.

Бағалау талабы: мақаланы ықшамдай білу, дәлелдемелер жасау мақсатында материалды дұрыс пайдалана білу, жазба жұмыс сапасы (лексикалық және грамматикалық сауаттылығы), орфография, тыныс белгісі, көлемі (350 сөз).

